



## Ақан сері

Ақын, өнші, композитор Ақан Сері Қорамсаұлының туғанына (1843-1913) 165 жыл толды. Қазақ әдебиеті тарихын қарасақ, халықтың рухани өмірінде ерекше орын алған сал-серілер, өнші-ақындар тағдырын суреттеген көркем шығармалар әжептәуір баршылық. Қазақтың салт-серілік өнерінің ірі өкілдері Біржан, Ақан, Мұхит, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Иманжүсіп, Мәди т.б., өнерпаздардың тұлғасы жазушылардың шығармашылық қарымымен әдеби кейіпкер ретінде бар болмыс-бітімімен әдебиетімізден жаңа қырынан орын алды. Әдебиетімізде бейнеленген осынау тұлғалардың арасында Ақан сері қазақ қаламгерлері бейнесінде көбірек орын алады. Оның өмірі қазақ әдебиетіндегі драма жанрының алғашқы кейіпкерлерінің бірі болып келеді.

Ақанның өміріне қысқаша тоқталатын болсақ, туған жері – бұрынғы Көкшетау облысы, Үлкен Қоскөлдiң маңы. Дүниеге 1843 жылы келген. Жастай өнерге бет бұрып, ақындық, өншілік өнерімен кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Қасында өзі сияқты өнерпаз жастарды жинап, ел аралап өн салған. Сөнді киініп, жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы ұстап серілік құрады. Осындай сегіз қырлы өнерпаздығы үшін ел арасында “Ақан сері” атанады. Ол өншілік, композиторлық өнерде атақты Біржан салды аға тұтып, ұстаз санаса, Балуан Шолақ, Естай, Иманжүсіп, Құлтума сияқты өнші-композиторлар оның өнер жолындағы ең жақын достары болады. Ол қазақтың ұлттық өнерін кәсіби деңгейде көтеріп, дәстүрлі өнердің классикалық үлгісін жасады. Қазақ мәдениетінің алтын қорына Ақан серінің елуге жуық музыкалық, поэтикалық мұрасы өлді.

Ақанның “Ақтоқты”, “Алтыбасар”, “Тер қатқан”, “Мақпал”, “Балқадипша”, “Сырымбет”, “Майда қоңыр”, “Ақ көйлек” және басқа өндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетумен бірге, махаббат күдіретін асқақтата суреттейді. Сонымен қатар, өзінің сүйікті достарына айналған сөйгүлігі мен қыран құстарына

арнаған “Маңмаңгер”, “Қараторғай”, “Көкжәдет”, “Қулагер” секілді өндері бар. Ақан ақындық шеберліктен де тыс болмаған. Ол Орынбай, Нүркей, Нүркожа секілді ақындармен айтысқа түскен. Сықақ өлеңдер де жазған, мысалы, “Шоғырмаққа”, “Сұрағанға”, “Смағұлға” атты өлеңдері бар.

Ақан серінің музыкалық туындылары қазақ өнерінің өркендеуіне зор ықпалын тигізді. Оның шығармаларын белгілі өншілер Ә.Қашаубаев, Ж.Елбеков, М.Ержанов, Ж.Көрмәжовтар орындаған.

Қазақ әдебиетінде өнер тақырыбынан жазылған көлемді шығармалардың бірі – Сәкен Жүнісовтің “Ақан сері” (1971) романы. Ақан сері тақырыбына жазылған Ф.Мүсіреповтің “Ақан сері – Ақтоқты” драмасы мен Т.Әлімқұловтың “Көк қаршыға” повесінде Ақан сері өмірінің белгілі бір кезеңдерін шығармаларына арқау етсе, С.Жүнісовтің “Ақан сері” романы ақынның тұтастай өмірін негізге ала отырып, оның қайраткерлік тұлғасын өзінің өмір сүрген заманымен бірге суреттейді.

С.Жүнісов дилогиясының 1-ші кітабында Ақан сері қызықты толы шағы суреттелсе, 2-ші кітабында Сағынай асынан кейінгі ақынның ауыр трагедиясымен қоса, сол қоғамға тән қатқабат таптық, өлеуметтік жағдайлар арқау болған. Ақан сері өмірі өнері арқылы жалпы халыққа кеңінен мәлім болуымен бірге, көптеген жұмбақ сырларымен де белгілі. Ақанның биік тұлғасы, адамгершілік келбеті, романның өн бойында оқиғалармен байланыстыра отырып, Ақан сері бейнесі жан-жақты суреттеледі.

Академик-жазушы З.Қабдолов Сәкен Жүнісовтің төрт томдық шығармалар жинағында жазған алғы сөзінде Ф.Мүсірепов “Ақан сері” дилогиясының сыншылар қазақ әдебиетінің алтын қорына қосыпты, мен де осы пікірдемін

деген сол кездегі “Социалистік Қазақстан” газетіндегі сөзіне қоса, Сәкен Жүнісовтің суреткерлік бітімі мен қаламгерлік болмысын айқындайтын екі сипатына тоқталады: “Алдымен Сәкен Жүнісов – туған жерге тамырын терең жіберген Дала жыршысы. Дала болғанда, ғажайып Сарыарқаның – ғаламат сұлу Көкшетау даласының жыршысы” дей келе, “Сөкенге тән тағы бір ерекше сипат – батылдық”. Мәселен, “Ақан сері” дилогиясы М.Әуезовтің атақты “Абай жолынан кейін ақын туралы тағы бір эпопея жазам деу шынында да ессіз ерлік емес пе? Сөкен осы ерлікке барды және мұнысы сәтті шықты” деген баға береді.

Ақанның азаматтығы жоғары адам екендігі С.Жүнісовтің шығармасынан айқын сезіледі. Т.Токбергенов тарихи роман жанрында жазылған шығармаларды талдай отырып, “Әсілі, тарих дегеніңіз қашанда деректі нәрсе. Міне, осы тұрғыдан келгенде, Ә.Әлімжанов, І.Есенберлин, З.Ақышев романдарын шын мәніндегі көркем роман емес, көркем шежіре десе де болғандай, - деп, С. Жүнісовтің “Ақан серісі” туралы тарихи шежіре емес, көркем шығарма десе жарасымды”, - деп атап көрсеткен.

Ақан сері шығармасын жазуда жазушы С.Жүнісовтің пайдаланған тарихи деректерін анықтау – өз алдына үлкен мәселе. Романда Ақанның Шашубайды, М.Ж.Көпеевті көруі, Сағынай асына баруына Шыңғыс Уәлихановтың тікелей ықпалының болуы қаншалықты шындыққа дәл келетінін анықтаудың қажеттілігі айқындалады.

Роман Ақанның аянышты тағдырымен аяқталған, яғни жазушы Ақанның бейнесін сомдауда сол кездегі жағдайды, заманның ерекшелігін ескерген.

Ақан – тірі кезінде аңызға айналған тұлға. Ал Ақанды аңызға айналдырған – оның қиыншылыққа толы өмірінің өнердегі таңбасы.

М.Ж.ИСАКЕВА,

С.Торайғыров атындағы облыстық кітапхананың бас библиографы.